

ХАТТАМА №1

Күн тәртібінде:

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамы туралы ақпаратпен таныстыру /жауапты меңгеруші Л.Бакешова/.
2. ППҚ қызметін ұйымдастыру және оны жүзеге асыру Ережесімен таныстыру және жоспарын бекіту /жауапты әдіскер А. Айғабыл/.
3. ПМПК қорытындысымен келген балаларды инклюзивті білім беру тізіміне қосу /жауапты әдіскер А.Айғабыл/.
4. 2024-2025 оқу жылында балабақша мамандарының тексерісінің нәтижесін таныстыру, оқу мен тәртібінде қиындығы бар балаларды анықтау, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ПМПК мамандарының тексерісінен өткізіп, психологтың жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстарына қосу.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Л.Бакешова сөз сөйледі. Меңгеруші «Мектепке дейінгі ұйымда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамы туралы бұйыркпен таныстырып өтті:

Психологиялық-педагогикалық

қолдау қызметінің төрайымы: Айғабыл А. – балабақша әдіскері

Мүшелері:

1. Ізімкүл Г. – балабақша психологы
2. Жакупова А. – балабақша медбикесі
3. Бакытжанова Б. – балабақша тәрбиешісі
4. Шекеева Д. - балабақша тәрбиешісі
5. Жәдігер С. – балабақша тәрбиешісі

Хатшы: Жұбатқан Назым – топ тәрбиешісі

2. Әдіскер А.Айғабыл Психологиялық-педагогикалық қолдау Ережесін, ППҚ қызметінің 2024-2025 оқу жылына арналған жоспарын бекітуге ұсынылды. Ереже мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді дамытуды айқындайтын нормативтік-құқықтық актілерді ескере отырып, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагогикалық қолдау негіздері бойынша Қазақстандағы арнайы және инклюзивті білім беру ұлттық ғылыми-практикалық орталығының әдістемелік нұсқаулығы негізінде құрылғаны айтылды. Ереже ППҚ қызметінің жұмысында басшылыққа алатын құжат болады.

3. Әдіскер А.Айғабыл 2024-2025 оқу жылында ПМПК қорытындысын алған, жалпы мектепке дейінгі мекемеде мектепке дейінгі бейімделген оқу бағдарламасы бойынша тәрбелеу және оқыту, педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің тізіміне қосылатын баланың жоқ екені айтты.

Балабақшаның психологы мен тәрбиешілері тарапынан 7 баланы ППҚ қызметінде қарастыру жөнінде тізімі ұсынылды. ППҚҚ мүшелері мен тәрбиешілер аталған тізімді талқылап, ата-аналарымен кездесу ұйымдастырылып, кеңес өткізуді жоспарлады. Педагогтар аталған балаларды ата-аналарымен сөйлескеннен кейін балалармен жұмыс жасаудың жоспарын, жеке-дамыту бағдарламаларын жасап, талқылауға және бекітуге беруді ұсынды.

**«Нұрай» жеке балабақшасының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі
қаулы етеді:**

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамы туралы бұйрықты орындау /мерзімі 15.10.2024ж. бастап жауапты ППҚ қызметі құрамы/.
2. ППҚ қызметін ұйымдастыру және оны жүзеге асыру Ережесі және жоспары бекітілсін/мерзімі 21.10.2024ж. бастап жауапты ППҚ қызметі құрамы/
3. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жеке дамыту бағдарламасы жасалсын және бекітілсін, тәрбиешінің жеке баламен жұмысына қосылсын.

Педагогикалық-психологиялық
қолдау қызметінің төрайымы:



А.Айғабыл.

Хатшысы:



Н.Жұбатқан